

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасының
2024 жылғы «б» ақпандағы
№ 22 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының нысаналы индикаторларын есептеу әдістемесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының нысаналы индикаторларын есептеу әдістемесінде нысаналы индикаторларды есептеу әдістері айқындалады.

1. «Инфляция деңгейі» (желтоқсан алдыңғы жылғы желтоқсанға, %) нысаналы индикаторы

Инфляцияның деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі (бұдан әрі – ТБИ) халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

ТБИ құру әдіснамасы «Тұтыну бағасының индексін құру әдіснамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 230 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12955 болып тіркелген) бекітілді.

Алдыңғы жылғы тиісті айға есепті жылғы айлық ТБИ мынадай формула есептеледі:

$$I_t = \frac{I_{tg}}{I_{t(g-1)}} \times 100$$

мұнда:

I_t – алдыңғы $g-1$ жылғы тиісті айға g есепті жылғы t айдағы ТБИ;

I_{tg} – индекстік қатардағы g есепті жылғы t айдағы ТБИ;

$I_{t(g-1)}$ – индекстік қатардағы алдыңғы $g-1$ жылғы t айдағы ТБИ.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайтында (<https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/>), «Экономика»/«Баға статистикасы» бөлімінде орналастырылады.

2. «Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсыныстарынан жоғары)» нысаналы индикаторы

Қазақстанның экономикалық моделі үшін экономиканың ашықтығын және оны халықаралық саудаға тартуды ескере отырып, импорт базасындағы резервтік активтердің жеткіліктілік көрсеткіші неғұрлым қолданылатын болып табылады. Бұл көрсеткіш валюталық ресурстарды кез келген әкелу толығымен тоқтатылған жағдайда ел өзінің қазіргі импорт деңгейін қамтамасыз ете алатын уақыт кезеңін көрсетеді. Бұл критерийді негізінен импорт төлем балансындағы шығыстың маңызды бабы болып табылатын елдер қолданады. Халықаралық валюта қорының ұсынымдарына сәйкес, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үш айлық импорты алтынвалюта резервтерімен қамтудың ең төменгі жеткілікті деңгейі болып табылады.

Нысаналы индикаторға қол жеткізуді бағалау үшін резервтердің жеткіліктілік көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$PЖ_u = PA / ((Имт_{12} + Имқ_{12}) / 12)$$

мұнда:

$PЖ_u$ – импорт базасындағы резервтердің жеткіліктілік көрсеткіші;

PA – есепті күні миллион АҚШ долларымен көрсетілген және сыртқы сектор бойынша статистикалық есептерде көрсетілетін «Резервтік активтер» (алтынвалюта резервтері) көрсеткіші;

$Имт_{12}$ – есепті күннің алдындағы 12 (он екі) айдағы «Тауарлар, дебет (импорт)» төлем балансының миллион АҚШ долларымен көрсетілген көрсеткіштерінің сомасы;

$Имқ_{12}$ – есепті күннің алдындағы 12 (он екі) айдағы «Көрсетілетін қызметтер, дебет (импорт)» төлем балансының миллион АҚШ долларымен көрсетілген көрсеткіштерінің сомасы.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Статистика»/«Сыртқы сектор статистикасы»/«Төлем балансы» бөлімінде орналастырылады.

3. «Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі» нысаналы индикаторы

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң) сәйкес «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚДКҚ) арнайы резервінің мөлшері қатысушы банктердегі бүкіл кепілдік берілген депозиттер сомасының 5%-нан кем болмауы тиіс.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 22-бабының 1-тармағына сәйкес ҚДКҚ ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің 70%-ы шегінде өз шығыстары есебінен арнайы резерв қалыптастыруға құқылы.

ҚДКҚ арнайы резерв деңгейін мынадай формула бойынша есептейді:

$$AP_{\%} = \frac{AP_{\text{нақ}} + ЖК * 70\%}{\sum КД}$$

мұнда:

$AP_{\%}$ – ҚДКҚ арнайы резервінің деңгейі (%-бен);

$AP_{\text{нақ}}$ – ҚДКҚ арнайы резервінің нақты мөлшері;

ЖК – ҚДКҚ жарғылық капиталы;

$\sum КД$ – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі барлық кепілдік берілген депозиттердің сомасы.

Осы индикатордың нақты мәні ҚДКҚ-ның ресми интернет-ресурсында (www.kdif.kz), «Есептілік»/«Жылдық есеп» бөлімінде орналастырылады.

4. «Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын уәкілетті банктердің үлесі» нысаналы индикаторы

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті банктерге Қазақстан Республикасында құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін шетелдік банктердің филиалдары жатады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тексеруге жататын уәкілетті банктердің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе), Ұлттық Банк Төрағасының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 291 бұйрығымен бекітілген Ұлттық Банктің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы уәкілетті банктерді тексеру мақсатында тәуекелдер дәрежесін бағалауды қалыптастыру тәртібіне сәйкес жартыжылдық негізде қалыптастырылады.

Тексерумен қамтылған уәкілетті банктердің саны көрсеткішке сәйкес мынадай формула бойынша есептеледі:

$$It = (n/N)*100$$

мұнда:

It – тексерулермен қамтылған уәкілетті банктердің үлесі, %-бен;

n – есепті кезеңде тәуекелдер дәрежесін бағалауға тексерулермен қамтылған уәкілетті банктердің саны;

N – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған деректерге сәйкес жұмыс істеп тұрған уәкілетті банктердің жалпы саны.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/

«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспарды орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.

5. «Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі» нысаналы индикаторы

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің берілген лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар уәкілетті ұйымдарға жатады.

Бұл көрсеткіш есептік кезеңде уәкілетті ұйымдардың (бұдан әрі – УҰ) салыстырмалы көріністе тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылуын, яғни тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерілген УҰ-ның есептік кезеңнің соңында жұмыс істеп тұрған УҰ-ның жалпы санына қатынасын сипаттайды және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$It = (n/N)*100$$

мұнда:

It – тексерулермен қамтылған УҰ үлесі, %-бен;

n – есепті кезеңде УҰ тәуекел дәрежесін бағалауда тексерулермен қамтылған УҰ саны;

N – есепті кезеңнің соңында жұмыс істеп тұрған УҰ-ның жалпы саны.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспарды орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.

6. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді қолдау (қайта теңгеру)» нысаналы индикаторы

Есепті жылдың соңына қарай дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының, корпоративтік облигациялардың, дамыған елдер акцияларының, балама құралдардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) жинақ портфеліндегі алтынның үлестерін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$w_i = (MV_i/MVS)*100$$

мұнда:

w_i – ҚР Ұлттық қорының жинақ портфелінде i портфелінің үлесі (дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, корпоративтік облигациялар, дамыған елдердің акциялары, баламалы құралдар, алтын), %;

MV_i – есепті жылдың соңында Ұлттық қордың жинақ портфелінің i портфелінің нарықтық құны, млрд АҚШ доллары;

MVS – есепті жылдың соңында жинақ портфелінің нарықтық құны, млрд АҚШ доллары.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспарды орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.

7. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық мәнде соңғы 10 (он) жылда инфляциядан ауытқуы» нысаналы индикаторы

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – БЖЗҚ) зейнетақы активтерінің соңғы 10 (он) жылда бір шартты бірлігінің құны өзгеруінің (өсуінің немесе төмендеуінің) орташа геометриялық мәні мен ұқсас кезеңдегі инфляцияның орташа геометриялық мәні арасындағы айырмасы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық мәнде соңғы 10 (он) жылда инфляциядан ауытқу көрсеткіші болып табылады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару нәтижесінде олардың өзгеруін сипаттау үшін пайдаланылады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 42 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32832 болып тіркелген) сәйкес есептеледі.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 10 (он) жылда инфляциядан ауытқуы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RR = R - CPI$$

мұнда:

RR – БЖЗҚ зейнетақы активтері кірістілігінің соңғы 10 (он) жылда инфляциядан ауытқуы;

R – БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 10 (он) жылдағы орташа жылдық кірістілігі;

CPI – соңғы 10 (он) жылдағы орташа жылдық инфляция.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 10 (он) жылдағы орташа жылдық кірістілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R = \left(\frac{C_t}{C_{t-1}} * \frac{C_{t-1}}{C_{t-2}} * \dots * \frac{C_{t-9}}{C_{t-10}} \right)^{1/10} - 1$$

мұнда:

R – БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 10 (он) жылдағы орташа жылдық кірістілігі;

C_t – ағымдағы жылғы есепті кезеңнің соңындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

$C_{t-1}; C_{t-2}; \dots C_{t-10}$ – соңғы 10 (он) жыл ішінде тиісті жылдың есепті кезеңінің соңындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

Соңғы 10 (он) жылдағы орташа жылдық инфляция мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CPI = ((1 + CPI_t) * (1 + CPI_{t-1}) * \dots * (1 + CPI_{t-9}))^{1/10} - 1$$

мұнда:

CPI – соңғы 10 (он) жылдағы орташа жылдық инфляция;

CPI_t – ағымдағы жылғы есепті кезеңнің соңындағы инфляция деңгейі;

$CPI_{t-1}; CPI_{t-2}; \dots CPI_{t-9}$ – соңғы 10 (он) жыл ішіндегі тиісті жылғы есепті кезеңнің соңындағы инфляция деңгейі.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспардың орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.

8. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициенті» нысаналы индикаторы

Коэффициентті есептеу әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) (Тұжырымдаманың 5.3-шағын бөлімі) іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар санының негізінде айқындалған.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$CPI_t = \frac{PI_t}{PI_t} \times 100$$

мұнда:

CI_t (coefficient of implemented initiatives) – t есепті кезеңде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициенті t ;

I_t (implemented initiatives) – t есепті кезеңде іске асырылған стратегиялық бастамалар саны;

PI_t (planned initiatives) – Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде осы t есепті кезеңде аяқтауға көзделген стратегиялық бастамалардың жалпы саны.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспардың орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.

9. «Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері» нысаналы индикаторы
Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің көрсеткішін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K = \frac{Q_{\text{қолма-қол ақшасыз}}}{Q_{\text{бөлшек}}} * 100$$

мұнда:

K – Халықтың бөлшек тауар айналымына қолма-қол ақшасыз төлемдері» көрсеткіші;

$Q_{\text{қолма-қол ақшасыз}}$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне екінші деңгейдегі банктер ұсынатын мәліметтер негізінде есептелетін есепті кезеңдегі тауарлар үшін халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің көлемі;

$Q_{\text{бөлшек}}$ – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайтынан алынған есепті кезеңдегі бөлшек сауда көлемі.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспардың орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.

10. «Монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерін жариялау» нысаналы индикаторы

Бұл көрсеткіш есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелері жүргізген зерттеулердің және (немесе) тысқары ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржыландырған зерттеулерінің қорытындылары бойынша жарияланымдардың (working papers Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» басылымындағы,

академиялық журналдардағы және басқа да басылымдардағы) санымен айқындалады.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Зерттеулер» бөлімінде және басқа басылымдарда орналастырылады.

11. «Зерттеулер жүргізуге қаржыландыруды ұсыну» нысаналы индикаторы

Бұл көрсеткіш есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тысқары ұйымдардың зерттеулер жүргізу үшін берген зерттеу гранттарының және қаржыландырудың басқа да нысандарының санымен айқындалады.

Зерттеулер жүргізуге қаржыландыруды ұсыну Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысымен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22608 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Осы индикатордың нақты мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы»/«ҚРҰБ миссиясы»/«ҚРҰБ-ның стратегиялық жоспары»/«Стратегиялық жоспардың орындалуы жөніндегі есебі» бөлімінде орналастырылады.